

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай-балабақша
менгерушісі Жанибекова Г
« » « » 2024 жыл



«Балапан» кіші жас тобы
«Келісім-достық кепілі»
мерекелік іс шара

Тәрбиеші: Н. Мусаева

Бидаулетова П

2023 – 2024 оқу жылы

Келісім – достық кепілі»

Тақырыбы: «Келісім-достық кепілі»

Тәрбиеші: Құрметті ата - аналар балалар! Сіздерді 1 - Мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

«Бірлік бар жерде - тірлік бар» дейді дана халқымыз. Бұл сөз тегінен тегін айтылмаса керек.

Ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз дамып келеді. Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелсін.

Қазақ халқы өте қонақжай халық. Келген қонағын қуана - қуана қарсы алады. Ендеше бүгінгі осы мерекеге арналған ертеңгілігімізді бастайық. Ортада «Балапан»тобын қарсы алайық. Балалармен әңгімелесіп. Біреу есік қағады. Бұл кім болды екен? Қонақ кіреді, ол - ұсқынсыз үйрек. Бәрімен амандасып, төрге жайғасады.

Айнамақөз:

Қазақ осы қарасың ба ақсын ба?

Қоңырсың ба? Жатырқауды білмейтін.

Диас:

Қазақстан төрінде күн нұрын төксін

Жерінде жұпар иісті гүлі сепсін!

Айлин:

Алтын дәмді даламыз бай болсын

Ақ күмістей қаламыз көп болсын!

Рамазан:

Бұзылмасын сәніміз

Барлық ұлттар бірлесіп

Қазақстан жерінде

Жасасын той мереке

Ерасыл:

Дос болайық бәріміз

Жарасып тұр әніміз

Тыныштықты сақтаймыз

Атсын күліп таң.

Әмина:

Достық шырағымыз

Достық ұранымыз

Нұриман:

Достық - туымыз
Достық - әніміз
Санжар Дос болайық бәріміз
Жарасып тұр әніміз

Ән :«Қуыршақ»

Біздерде бар қуыршақ
Бұзау қозы құлыншақ
Ойыншықтар тындайды
Әмір беріп бұйырсақ
Қуыршақтар ұйықтайды
Айтқанымнан шықпайды
Ал қозы мен құлыншақ
Ұйықта десең ұқпайды
Тыңдамайды ұрысса
Осылары дұрыс па?
Тентектігін қоймаса,
Тұрғызамыз бұрышқа.

Ойын: «Пияз жинау»

Мақсаты: пиязды шапшаң жинап, белсенділік таныту, үлкендерге көмек беруге тәрбиелеу.

Би: «цып- цып»

Ән:«Достар»

Ақпыз, қарамыз, сарымыз
Татумыз біз бәріміз
Достық жәйлі ән салып
Шырқатайық қане біз
Жүзімізге қараңыз
Бал бұл жанған баламыз
Бізге қымбат күн шуақ
Бізге қымбат анамыз!

Күннің нұрын сүйеміз
Қырдың гүлін сүйеміз
Бізді ойнатып, мәпелеп
Күлдіргенін сүйеміз
Балдырғанбыз арай жүз
Бал бұл жанып қараймыз
Ойыншықтар біздерде,
Көп болғанын қалаймыз!

Ұсқынсыз үйрек:

рахмет сендерге, балалар, мен достық неге не үшін керек екеніне түсіндім, сендердің осындай үлкен махаббаттарыңнан мен әдемі сүйкімді үйрекке айналдым.

Анасы ортаға шығып шаңыраққа лента байлайды да, жүректі ұстап тұрып «жүректен жүрекке» деп өз шаңырағына тілек айтады.

Тәрбиеші:

Осымен 1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Тыңдағандарыңызға көп рахмет! Сау болыңыздар!